



2016ж. қаңтар-маусым

ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу**Негізгі түйіндер****2016ж. қаңтар-маусымында қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді**

2016ж. қаңтар-маусымында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,7%-ға төмендеді. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, саудада және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар**1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-маусым	2016ж. маусым	% -бө		2016ж. маусым 2016ж. мамырына
					2015ж. қаңтар-маусымына	2015ж. маусымына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	млрд.теңге	9 309,1		99,9*		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	8 512,0	1 570,2	98,4	100,1	102,0
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	794,0	203,8	102,7	102,8	141,7
4	Құрылыс	млрд.теңге	1 041,2	307,7	106,6	105,1	115,8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	240,6	41,6	100,9	102,4	100,7
6	Байланыс	млрд.теңге	330,2	56,1	95,9	98,1	102,2
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	3 371,9	662,4	99,1	100,3	107,4
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	3 030,8	743,6	108,5	101,8	121,7
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			115,9	117,3	100,4
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4,9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	133,5	131,8	109,9	101,5	98,3
12	Нақты жалақы индексі**	%				99,0	98,5

* - деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-мамыр	2016ж. мамыр	% -бө		2016ж. мамыр 2016ж. сәуіріне
					2015ж. қаңтар-мамырына	2015ж. мамырына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	23,0	4,8	70,1	69,7	99,7
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	13,8	2,7	68,2	65,8	99,2
1.2.	- импорт	млрд. долл.	9,2	2,0	73,0	75,7	100,4
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	350,2	69,9	110,3	105,6	98,8

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-маусымында өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар негізгі капиталға инвестициялар өсті.

Оң үдерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-маусым %-бен 2015ж. қаңтар-маусымына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-мамыр %-бен 2015ж. қаңтар-мамырына
1. ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	99,9*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100,5	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100,5
3. Ауылшаруашылығы	102,7	мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102,7
4. Құрылыс	106,6	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106,8
5. Көлік (жүк айналымы)	100,9	құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100,6
6. Негізгі капиталға инвестициялар	108,5	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	110,8

* - деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

2016 ж. қаңтар-маусымында өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Экспорт пен импорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.

Теріс өзгерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-маусым %-бен 2015ж. қаңтар-маусымына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-мамыр %-бен 2015ж. қаңтар-мамырына
7. Өнеркәсіп	98,4	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	97,8
7.1 Тау-кен өндіру саласы	96,6	шикі мұнай өндірудің төмендеуі	95,7
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	99,1	саудамен айналысатын кәсіпорындармен және дара кәсіпкерлермен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	98,7
9. Байланыс	95,9	мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтерінен түскен кірістердің төмендеуі	95,4
10. Инфляция	115,9	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	115,7
11. Сыртқы сауда айналымы*	70,1	экспорт пен импорттың төмендеуі	70,2
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	68,2	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	68,8
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	73,0	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	72,3

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтар-маусымы 2015ж. қаңтар-маусымына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2016ж. қаңтар-мамыры 2015ж. қаңтар-мамырына %-дық есеппен келтірілген.



Жалпы ішкі өнім

1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2016ж. 1 тоқсанында ЖІӨ 0,1%-ға төмендеді

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 2015ж. 1 тоқ. салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,1%-ға төмендеп, 9,3 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға өсіп, ал қызметтер өндіру 0,5%-ға төмендеді. Бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 59,2%-ға дейін өсті.




2016ж. 1 тоқ. құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Сауда көлемдерінің қысқаруы мен тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

1.4. ЖІӨ түпкілікті тұтыну әдісімен

ҰЭМСК алдын ала деректері бойынша, 2016ж. 1 тоқсанында түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ 0,3%-ға азайып, 9,3 трлн. теңгені құрады. Түпкілікті тұтыну шығыстары мен жалпы жинақтау 1,7%-ға өсті.

Төмендеуге таза экспорт көлемінің қысқаруы себепші болды: тауарлар экспорты 9,2%-ға, ал импорт 4,5%-ға төмендеді. Үй шаруашылықтарының, мемлекеттік органдардың және ҮШҚҚҰ-дың түпкілікті тұтынуға жұмсаған шығындары, сәйкесінше 1,4%, 2,5%, және 4,2%-ға өсті, негізгі капиталды жинақтауға жұмсалған шығындар 3,4%-ға артты.




*- ҮШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2016ж. 1 тоқ. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2016ж. 1 тоқ. ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2015ж. 1 тоқ. қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,5%-ға өсу). Қырғызстан, Беларусь, Өзірбайжан мен Ресейде 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ-нің сәйкесінше, 4,9%, 3,6%, 3,5% және 1,2%-ға төмендеуі байқалды.



1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


Мұнайдың бағасы

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 22,2%-ға төмендеп, 2016ж. маусымда 48,5\$ құрады*. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-маусымында 2015ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда нақты көрсеткіште 3,4%-ға төмендеді. Алайда ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемдері 19,9%-ға өсті, бұған теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі себепші болды.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. маусымында оның үлесі сәйкесінше 40,6%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-маусымында өңделмеген мұнайды өндірудің көлемдері (НКИ) 2015ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 3,6%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-маусымында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-маусымына қарағанда 1,1%-ға төмендеді. 2016ж. маусымында мұнайдың бағасы өткен айға қарағанда 10,2%-ға өсті. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. мамырымен салыстырғанда 3,7%-ға төмендеді**.



*- <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-маусымдағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-мамырында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 47,8%-ға тең болды), Қытайға (12,5%) және Ресейге (9,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 1 тоқ. ЕО ЖІӨ (28) 1,7%-ға өсті, Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 6,7%-ға тең болды, ал Ресейде ЖІӨ 1,2%-ға төмендеді.

Сыртқы сауда айналымы


2016ж. қаңтар-мамыр

2016ж. қаңтар-мамырында сыртқы сауда айналымы 29,9%-ға төмендеді (экспорт 31,8%-ға, импорт - 27,0%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-мамырында - 64,0%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (36,8%) басымдыққа ие.

Экспорттың қысқаруына минералды өнімдердің 41,9%-ға төмендеуі себепші болды.

2016ж. қаңтар-мамырында барлық тауарлар топтары бойынша импорттың қысқаруы байқалды. Импорттың қысқаруына елеулі үлесін 36,0%-ға немесе 1,9 млрд \$ мөлшерінде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар енгізді.




Экономикадағы ақша ұсынысы

Несиелер бойынша берешек*

2016ж. маусымның аяғында жыл басымен салыстырғанда несие көлемдері 1,7%-ға төмендеді

2016ж. маусымның аяғында экономикаға берілген несие көлемдерінің өткен айға өсуі 0,2%-ды құрады. 2016ж. маусымның аяғына қатысты, несие көлемдері экономиканың барлық салаларында ұлғайды. Осындай едәуір өсуге 2015ж. мамырында "Казкоммерцбанк" АҚ-ның несиелерінің едәуір бөлігінің банктік операцияларды жүргізу лицензиясын қайтарған "БТА Банкі" АҚ-на берілуі септігін тигізді.

2016ж. маусымның аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 16,3%-ға ұлғайып, 12,5 трлн теңгені құрады. 2016ж. маусымның аяғына қатысты, несие көлемдері экономиканың барлық салаларында ұлғайды. Осындай едәуір өсуге 2015ж. мамырында "Казкоммерцбанк" АҚ-ның несиелерінің едәуір бөлігінің банктік операцияларды жүргізу лицензиясын қайтарған "БТА Банкі" АҚ-на берілуі септігін тигізді.



*-кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет




2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-маусымда өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 1,6%-ға азайды (2016ж. қаңтар-мамырда 2,2%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-маусымда - 0,6%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-маусымда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 3,4%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-мамырда - 4,3%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-маусымда - 1,1%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (3,6%), көмір және лигнит (8,0%) және темір кендерін (22,2%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металл кендерін өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше 6,1% бен 9,1%-ға).



Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-маусымда сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ды құрды (2016ж. қаңтар-мамырда - 0,5%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-маусымда 0,3%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 9,4%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-маусымда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,5%-ды құрады), соның ішінде асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 13,6%-ды құрады. Тамақ өнімдеріндегі өндіріс көлемдерінің ұлғаю 2,8%-ды құрады (2016ж. қаңтар-маусымда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 17,3%-ды құрады).



2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-маусымда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,6%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 91,1% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 9,5%-ға ұлғайды. Алайда 2016ж. қаңтар-маусымда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше, 12,3% бен 22,9%-ға төмендеді.






2.3. Ауылшаруашылығы

Мал шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-маусымында 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға өсті (2016ж. қаңтар-мамырда - 2,7%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-маусымда - 2,3%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері 1,5%-ға артты.




Қызметтер өндіру

2.4. Бөлшек сауда

Бөлшек тауар айналымының төмендеуі


2016ж. қаңтар-маусымда бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-мамырда - 1,3%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-маусымда - 2,9%-ға өсу). Саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатуағы көлемдерінің 0,4%-ға, дара кәсіпкерлердің бөлшек сатуағы көлемдерінің 1,5%-ға төмендеуі байқалды (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі сәйкесінше, 53,7% және 46,3%).



2.5. Көлік (жүк айналымы)

Жүк айналымының ұлғаюуы


2016ж. қаңтар-маусымда көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 0,9%-ға ұлғайды, бұл барлық көлік түрлері бойынша жүк айналымының артуы себебінен болды.



2.6. Байланыс

Қызметтер көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-маусымда байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ды құрады (2016ж. қаңтар-мамырда - 4,6%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-маусымда - 3,4%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 32,0% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 17,4%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 5,1% болатын қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтері көлемдерінің 24,0%-ға төмендеуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-маусымда инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,9%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 0,4%-ды құрады, 2016ж. маусымында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,7%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,5%-ға, ақылы қызметтер 0,1%-ға өсті.



4. Инвестициялар


4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-маусымда инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ды құрады (2016ж. қаңтар-маусымда - 10,8%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-маусымда - 4,4%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 60,9%-ды құрады.

2016ж. қаңтар-маусымда инвестициялардың өсуіне қаржыландыру көздері бойынша негізгі үлесін меншікті қаражат (13,9%-ға өсу) және басқа да қарыз қаражаты (22,8%-ға өсу) есебінен инвестицияларды қаржыландырудың ұлғаюы енгізді.

Инвестициялардың өсуіне пайдалану бағыттары бойынша негізгі үлесін өнеркәсіп (12,8%-ға өсу) пен ауыл шаруашылығы (48,6%-ға өсу) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздар санының төмендеуі

Жұмыссыздық деңгейі 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. маусымда 2015ж. маусымымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,1%-ға өсіп, ал жұмыссыздар саны 2,2%-ға қысқарды. Жұмыссыздық 4,9% деңгейінде қалды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-маусымында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 9,9%-ды құрады, нақты жалақы 2015ж. маусымына қарағанда 1,0%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптыстырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. мамырда 9,5%-ға төмендеуді көрсетті.

